

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

сөзі "сыраға" ауыстырылды, өйткені біздің елде "лагер" (ағылшындар жеңіл сыраны білдіретін атау) өте сирек кездеседі және бұл сөздің мағынасын бәрі бірдей біле бермейді.

Кейбір жағдайларда ұран түпнұсқа тілінде аудармасыз қалдырылады. Бұл шетелдік шығу тегіне, демек, тауардың сапасына баса назар аудару үшін қажет. Мысалы:

«Volkswagen. Das Auto "немесе" Nike. Just do it».

Жарнамалық мәтіндерді құру және аудару процесінде сын есімдер мен үстеулер жарнамаланатын өнімнің әртүрлі қасиеттерін сипаттау үшін қолданылады – формасы, мөлшері, құны сапасы, осы өнім тудыратын сезімдер. Ағылшын тіліндегі жарнамалық мәтіндерде брендтің түпнұсқалығын көрсететін сын есімдер жиі кездеседі-genuine, authentic және original. Бірақ көбінесе ағылшын тіліндегі жарнамада "жаңа" сын есім қолданылады – оны кез-келген екінші жарнамалық мәтіннен табуға болады. Аударған кезде оны әрқашан оның негізгі мағынасымен жеткізу мүмкін емес:

The new truth for sensitive skin: Estee Lauder invents Verite – Эсте Лаудердің сенімі-сіздің теріңізге аян.

Қорытындылай келе, жарнамалық мәтін – бұл мәтіннің ерекше түрі, оны аудару үшін аудармашыға көп күш жұмсауға тура келеді деген қорытынды жасауға болады. Аударманың белгілі бір әдісін немесе тәсілін таңдау көптеген факторларға байланысты: аударылған мәтіннің сипаты, жарнамалық өнімді тұтынушының аудиториясы, аудармашының психологиясының ерекшеліктері, оның белгілі бір әдеби дәстүрге деген адалдығы. Мұның бәрі әр нақты жағдайға байланысты. Алайда, сөзбе-сөз аударманы өте сирек қолдануға болатындығын есте ұстаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Блакар Р.М. по.: Пирогова Ю.К., Паршин П.Б. Рекламный текст, семиотика и лингвистика. - М.: Изд-во Гребенникова, 2000. - С. 2.
2. Добросклонская Т.Г. Вопросы изучения медиа текстов. - М., 2000.
3. Злобина И.С. Особенности перевода английских рекламных текстов на русский язык.

ӘОЖ 347.78.034

М. ӘУЕЗОВТИҢ «АМЕРИКА ӘСЕРЛЕРІ» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ АУДАРМАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАҢҒАН ТРАНСФОРМАЦИЯ ТҮРЛЕРІ

Бакесова Айгерим Айдаровна

Aigerimbakessova@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультетінің 4- курс студенті,
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Муратова Г. А.

Қазақстанда әдеби алып ретінде барша құрметке ие болған ұлы ғалым және фольклоршы Мұхтар Әуезов 1960 жылы Америка Құрама Штаттарына бір ай саяхаттауға бел буған. Бұл керемет мүмкіндік Иосиф Сталин дүние салғаннан кейін Хрущевтің жаңа реформаларының дәуірінде пайда болды. Бес жылдан аз уақыт өткен соң, АҚШ пен КСРО өкілдері «Америка Құрама Штаттары мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы білім беру, техникалық және мәдениет аралық байланыс» деп аталатын тарихи мәдени алмасу туралы Меморандумға немесе қысқаша Лейси-Зарубин келісіміне қол қойды. 1960 жылы ақпанда белгілі кеңес жазушыларының тобы Америка Құрама Штаттарына аттанды. Сапар екі ел арасындағы өзара мәдени алмасу мақсатында американдық Білім кеңесінің шақыруымен ұйымдастырылды. Делегацияны орыс ақыны Степан Щипачев басқарды, оған орыс жазушысы Леонид Леонов пен украин жазушысы Олес Гончар бас қосты. Кеңес Одағының марапаттары мен құрметіне ие, көрнекті ақын болған Мұхтар Әуезов

және оның қазақ тілінде жазатындығы американдықтарға біздің елдің тілдік және әдеби әртүрлілігін танытуға мүмкіндік берді. Топтың құрамында ешбір ақын ағылшын тілінде сөйлемеді, сондықтан оларға Мәскеуден келген тәржімеші мен әдебиеттанушы Софья Кругерская қосылды. Сапардың әсерлері 1960 жылдың жазында басталған "Америка әсерлері" туындысының негізін қалады. Өкінішке орай, жазушының ауруы жоспарды толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Ол қайтыс болғаннан кейін жеке мұрағаттан табылған очерк алғаш рет 1964 жылы "Қазақ әдебиеті" газетінде жарық көрді.

Қазақтың ұлы ғұлама ғалымы, жазушысы және академигі Мұхтар Әуезов КСРОның беделді зиялыларымен Америкаға алғашқы сапары екі мәдениеттің арасындағы көпір қалаңғанына дәлел. Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердіұлы туындыларының ағылшын тіліндегі аудармаларының арқасында біздің көпұлтты Отанымыздың мыңдаған оқырмандары мен шетелдегі миллиондаған оқырмандарының арасындағы мәдени байланыс пен қарым-қатынас тамыр тарады. Қазақ тілінің ерекше мүмкіндіктері оның тіл байлығы мен икемділігінде жатыр. Әуезовтен Сүлейменовке дейінгі ұлы қазақ әдебиетінің аудармаларының ролі. Бұл тұрғыда қазақ тілінен ағылшын тіліне аудармалардың тарихи миссиясы үлкен және ерекше жауапты.

Ендігі кезекте қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылған «Америка әсерлері» туындысының қазақ-ағылшын аудармасының әлеуметтік және мәдени мәнін қарастырамыз.

Аударманың мәдени мәні. Мұхтар Әуезовтің Америкада мемлекет жөнінде көрген мен білгенді, аңдаған мен алған әсерді, жалпы басқа келген кейбір ауық-ауық ойларды да қазақ оқушысына айтып беру арқылы, өзге мәдениетті қазақ мәдениетімен ұштастырып, таныстырады. Ал аударма болса халықтың мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі болып табылады. Адамзат мен мәдениет аударма арқылы араласып құралады, сонымен қатар аудармалардың таралуы адамдарға басқа халықтардың мәдениетімен танысуына кең жол ашып, мәдениеттердің араласып, баюына жағдай жасады. Деннис Кинн тәржімесі оқушылар әртүрлі мәдени көзқарастарды тануға және ой қалыптастыруға мүмкіндік беретін мәдени алмасу алаңы ретінде де қызмет ете алады.

Әлеуметтік мәні. Аталмыш шығарманың де маңызды әлеуметтік мәні болуы мүмкін. Оқушылар әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлермен таныса отырып, әртүрлілік пен жаңашылдықпен таныса алады. Мұхтар Әуезовтың арқасында сондай-ақ стереотиптерді бұзуға және жағымды әлеуметтік құндылықтарды оқышулырадың ойына терең орын ала алады. Сонымен қатар, ұлы жазушы көзбен көргенді, құлақпен естігенді, тікелей сезіп, төтелей ойлаған ойларды жаза отырып, біздің қазақ оқушыларымызды өзімен бірге шетелдей алып барғандай сезім тудырады.

Әдеби аударма аударма саласындағы мамандар үшін ерекше қиындық тудырады. Аудармашыға бір тілдің бірліктерін басқа тілдің бірліктерімен алмастырып қана қоймай, аударма мәтінін аударма тілінің нормативтік талаптарына сәйкес етіп, түпнұсқаның логикалық мазмұнын ғана емес, сонымен қатар аударма тілін қолданудың жанрлық-стистикалық нормалары мен ережелерін жаңғырту қажет. Ол үшін тәржімешілер аударма түрлендірулеріне жүгінеді.

Аударма саласындағы көптеген лингвистер мен мамандар өз еңбектерінде «аударма трансформациясы» ұғымын анықтау мәселесімен айналысты, олардың ішінде Л. С. Бархударов, В. Н. Комиссаров, Т. А. Казакова, Л. К. Латышев, И. С. Алексеева, Я. И. Рецкер және т. б. осы тақырыппен айналысатын әрбір ғалым «аударма трансформациясы» тұжырымдамасын өзінше түсіндірді.

Аудамашы Деннис Кинн қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару мақсатында түпнұсқа мәтіндегі барлық нюанстар мен мағыналарды жеткізу үшін әртүрлі аударма түрлендірулерін қолданды.

Төменде қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма барысында ең жиі қолданылған аударма тәсілдеріне көшейік:

1. *Жалқы есімдерді транслитерация арқылы аудару.* Бұл әдіс аударма тілінде баламасы жоқ сөздерді беру үшін қолданылады. Олардың ішіне: Айдл-Уайл-Idlewild, Жолдас

Полянский-Comrade Polyansky, Степан Петрович Щипачев-Stepan Petrovich Shchipachev, Фреско графство-Fresno County, ТУ, ИЛ-18-Tupolevs or Ilushin П-18

2. *Түсіріп тастау.* Семантикалық тұрғыдан артық элементтерді алып тастау – түсіру болып табылады. Аудармашы «Байқасақ, кейбір қымбат самолеттерге мінетін пассажирлерді аяғын жерге тигізбей, далаға шығармай, көркем зал, кабинеттерден самолет орнына бір-ақ апарып кіргізетін жағдайлар болады екен» деген сөйлемді «Apparently, passengers on some expensive planes can even board directly from their terminal without having to set foot on the ground below» аударып, «далаға шығармай, көркем зал, кабинеттерден» фрагментін түсіріп тастады. Ал сөйлемдегі «without having to set foot on the ground below» қате аударылған. Себебі «пассажирлерді аяғын жерге тигізбей» деген фразеологизм-«тез», «лезде» деген мағына береді. Яғни «самолетке пасажирлерді дереу отырғызды». Ал ағылшын тілінде to set foot on the ground идиомасы ұқыптылықты білдіреді.

Тағы бір мысал: «Американы ғылымдық жолмен зерттеп біліп жүрген кейбір мемлекеттік, қоғамдық, шаруашылық жайларды, өнер, мәдениет күйлерін ғылым жолымен зерттеп біліп жүрсе, біздің кейбір көзбен көрген, құлақпен естіген күйлерімізді, көріністерімізді өз деректеріне тіркей түссін» сөйлемін аудармашы «Those who have an academic interest in America and its government, its society, its economy, art and culture might be able to use these observations for their own reference» деп «біздің кейбір көзбен көрген, құлақпен естіген күйлерімізді, көріністерімізді» фрагментін түсіріп аударды.

3. *Ауыстыру.* Ауыстыруды аудармашылық трансформацияның ең тараған әрі көп қырлы түрі. Мысалы, «Американың қалалары мен көп штат өлкелерінің бүгінгі құрылыс барыс-қалыптарының өзін алғанда да аз аралаған жолаушыға оңай таныла қоймайтын қат-қабаттар, қатпар-қатпар бар» сөйлемін «The current state of development in American cities and states has many layers that aren't easy for the average traveler to understand» аудару барысында семантика тұрғыдан артық элементті, яғни «қат-қабаттар, қатпар-қатпар» қоссөздерді «layers» деген сөзбен ауыстырды.

Алайда ағылшын тіліне аударылуы төменде сипатталған кейбір қиындықтарға тап болды:

1. *Мәдени элементтер:* «Америка әсерлері» ағылшын тіліне нашар аударылу барысындағы мүмкін мәдени сілтемелер кездеседі. Мысалы, шетелдік оқушыларға таныс емес болуы мүмкін қазақтың мәдениетіне сай ақпарат арасында кездеседі. «Айдл-Уайлдың аты да қазақ құлағына өзінше ойда жоқта қызық естіледі. Сөз мәнісі үйлеспесе де, сыртқы дыбыс бойынша естілу қалпында Айдл-Уайл — айдын ауыл тәрізді естіледі» фрагментін аудармашы «To a Qazaq ear, even the word Idlewild sounds quite strange. Although it actually means something different, superficially at least Idlewild sounds like aidyn auyl — Glassy Village» деп аударды. Мұндағы «айдын ауыл» деген сөзді аудармашы транслитерация арқылы «aidyn auyl» деп, сонымен қатар, оқушыға мағынасы түсінікті болу мақсатында «glassy village» деп аударды.

2. *Қателікпен аударылған сөйлемдер де кездеседі.* Мысалы: «Төрт жазушы біздің өз аударушымыз болса да, ағарту советі бізге үш адам қосып беретін болды. Бұлардың бәрі де орысша білетін, Совет Одағы жөнінде жалпы мәліметтері мол адамдар еді» деген сөйлемді «Although the four of us writers are all translators ourselves, the Council on Education added three more. They all knew Russian and had a good general understanding of the Soviet Union». Мұндағы қателік-түпнұсқада төрт жазушыға бір аудармашы берілгендігі, және ақпарат бойынша, топтың құрамында ешбір ақын ағылшын тілінде сөйлемеді, сондықтан оларға Мәскеуден келген тәржімеші Софья Кругерская қосылды. Ал аудармада «төрт жазушы жеке өздері аудармашы болғанына қарамастан, жанымызға тағы үш адамды (аудармашыны) қосты» де аударылады.

Қорытындылай келе, көбінесе аударма процесі екі, кейде бір-біріне ұқсамайтын мәдениеттердің қақтығысын шешу мәселесін қарастырады. Бұл әсіресе автор ұлтының мәдени әлеуетін көрсетуге бағытталған көркем мәтіндерді аудару кезінде айқын көрінеді. Дәл осы себептен мұндай мәтіндерде қолданылатын тіл белгілі бір құрылыммен

ерекшеленеді, белгілі бір дәрежеде тек түпнұсқа тіліне тән нақты ұғымдарға толы. Мұның бәрі аударма кезінде семантикалық қателіктердің пайда болу ықтималдығына, әртүрлі кемшіліктерге, орынсыз ауыстыруларға, авторлық мәтінді кеңейтуге және т. б. Бұл тұрғыда аудармашының алдында ерекше маңызды міндет тұр – түпнұсқаның "рухын" жеткізу, реципиентке ол қабылдаған мәтін автордың тіл мәдениетінің көрінісі екенін түсіндіру. Аудамашы Деннис Кинн қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару мақсатында түпнұсқа мәтіндегі барлық нюанстар мен мағыналарды жеткізу үшін әртүрлі аударма түрлендірулерін қолдана отырып, сәтті аударма жасалды.

Аударма мәдениеті барған сайын өсіп, шеберлігі артып келеді. Біз оны бұдан былай да жетілдіре беруге тиіспіз. Ол үшін аударма тәжірибесінің өткендегісін таразылап, болашағын бағдарлап отыруымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов. М. «Америка әсерлері» арнайы шығарылым/Auevov M. «Impressions of America» special edition-Алматы 2021.
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М., 1975.. М., «Междунар. отношения», 1975. 240 с.

ӘОЖ 81-26

КИНОФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Богенбай Аяжан Мухамедияқызы

bogenbai_ayazhan@mail.ru

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының 4 курс студенті,
Астана қ-сы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - педагогика ғылымдарының магистрі, доцент Алипбекова Л.У.

Комедиялық фильмді аударма объектісі ретінде қарастыру үшін комедия жанрының анықтамасына жүгінеміз.

Әр түрлі дереккөздерде “комедия” анықтамасы әр түрлі түсіндіріледі, бірақ бұл тұжырымдаманың жалпы мәнін оңай ажыратуға болады.

Комедия - антагонистік кейіпкерлердің тиімді және нақты қақтығысы немесе күресіне рұқсат берілетін драма түрі. Комедиядағы күрес мыналармен ерекшеленеді: 1. күресуші тараптар үшін ауыр, жойқын зардаптарға әкеп соқпайды; 2. "жалпы", яғни қарапайым мақсаттарға бағытталған; 3. бұл күлкілі тәсілдермен жүзеге асырылады. Комедия күлкілі түрде кейбір қақтығыстарды бейнелейді, кейіпкерлердің оғаштығына немесе жамандығына комедия авторы идеологы болып табылатын сыныптың теріс көзқарасын орнатады. Аристотель: «комедия – бұл ең нашар адамдардың, олардың барлық зұлымдықтарында емес, күлкілі түрдегі репродукциясы».

Тиісінше, комедияның мақсаты - көрермендерге (оқырмандарға) күлкілі әсер ету, олардың күлкілі келбеті (форма комизмі), сөйлеу (сөз комизмі) және белгілі бір әлеуметтік ортаның әлеуметтік-психологиялық нормалары мен әдет-ғұрыптарын бұзатын әрекеттер (кейіпкерлердің іс-әрекеті комизмі) арқылы күлкілерін ояту. Экрандағы комедия сыртқы комизмге, яғни кейіпкерлер іс-әрекетті дамыту процесінде кездесетін позициялардың комизміне көбірек негізделген. Бірақ кейіпкерлердің диалогтары да маңызды.

Комедия тақырыбы, әдетте, оны жасаушы және тұтынушы болып табылатын сыныптың күнделікті қажеттіліктеріне байланысты. Алайда, нақты өмір әрдайым комедияда тікелей көрініс таба бермейді. Әлемдік комедия тарихы сюжеттік тақырыптар мен мотивтердің, түрлердің, күлкілі әдістер мен ережелердің бір елден екінші елге ауысып, әр түрлі сыныптардың көрермендеріне дәйекті түрде қызмет етуінің үлкен тұрақтылығын көрсетеді.